


| | | | |
|---|---|-------------------------------|--|
|  NAZARBAYEV UNIVERSITY | «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы | | |
| | Бекіткен орган: | Провост | |
| «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының бакалавриат бағдарламаларына арналған академиялық қағидалар мен рәсімдер | | | |
| Бекітілген күні: | 23.04.2020 | Күшіне енген күні: | |
| Шешімнің/хаттаманың №: | № 68-н/қ | | |
| ІНҚ сыныптаушы: | 2.8. Академиялық қағидалар мен рәсімдер | | |
| Бастамашы: | Р. Ли Картер Регистратор және студенттік прогрестің бас директоры | | |
| Өзара байланысты құжаттар: | 1. Бакалавриат бағдарламаларына арналған академиялық қағидалар мен рәсімдер 2. Бакалавриат бағдарламасы бойынша оқудың бесінші жылының саясаты мен рәсімдеріне өзгерістер 3. Бакалавриат бағдарламасының студенттерінің сабаққа қатысу қағидалары мен рәсімдері | | |

1. Жалпы ережелер

1. Осы бакалавриат бағдарламаларына арналған академиялық қағидалар мен рәсімдер (бұдан әрі – Қағидалар) «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымында (бұдан әрі – Университет) бакалавриат бағдарламаларына (бұдан әрі – бакалавриат) арналған академиялық қағидалар мен рәсімдерді қамтиды. Қайшылықтар болған жағдайда Осы Қағидалардың ережелері алдыңғы Қағидалардың ережелерінен басым күшке ие болады.

Осы Қағидалар Университеттің студенттері үшін ең төменгі стандарттарды белгілейді. Бағдарламаларда осы құжатта сипатталғандарға қосымша талаптар болуы мүмкін. Мұндай талаптар бағдарламаның/Мектептің бекітілген анықтамалығында (бұдан әрі – Анықтамалық) көрсетілуі тиіс.

2. Академиялық күнтізбелік жыл

2. Бакалавриат бағдарламалары үш академиялық кезеңге бөлінген академиялық жылдың негізінде жүзеге асырылады: күзгі және көктемгі семестрлер, сондай-ақ жазғы кезең (егер көзделген болса).



Күзгі семестрдің басында жаңа студенттерді Университетке және бағдарламаның талаптарына бейімдеу мақсатында бағдарлау апталығы өткізіледі.

3. Тіркеу рәсімі және тәртібі

3. Онлайн-тіркеу. Университетте онлайн-тіркеу жүйесі жұмыс істейді. Студенттер тіркеу мерзімі туралы электрондық пошта арқылы алдын ала хабардар етіледі.

4. Пәнге тіркеле отырып, студенттер оқытушы жариялаған емтихандардың өткізілу талаптарын қоса алғанда, пәннің барлық талаптарын сақтауға міндеттенеді.

5. Артықшылық берілген тіркеу. Университетте артықшылық берілген тіркеу жүйесі пайдаланылады. Артықшылық Мектеп, мамандық және/немесе оқу жылы бойынша берілуі мүмкін. Әрбір басым топ үшін тіркеудің басталу күні әрбір семестрде тіркеудің басталуы туралы хабарламада көрсетіледі.

6. Тіркеу үшін кредиттердің ең аз саны. Күндізгі оқу нысанының студенттері бейінді пәндер бойынша кредиттерді аударудың еуропалық жүйесі (бұдан әрі – ECTS) бойынша 24-тен кем емес кредитке тіркелулері тиіс. Ерекше жағдайларда студентке тиісті Мектеп деканының жазбаша рұқсатын (электрондық немесе баспа түрінде) алған және Академиялық мәселелер жөніндегі вице-провост бекіткен жағдайда, ECTS кредиттерінің жалпы саны 24-тен кем пәндерге тіркелуге рұқсат берілуі мүмкін.

7. Тіркеу үшін кредиттердің ең көп саны. Студенттер әрбір семестрде ECTS кредиттерінің жалпы саны 36-дан аспайтын пәндерге тіркелулері тиіс. Ерекше жағдайларда студентке тиісті Мектеп Деканының жазбаша рұқсатын (электрондық немесе баспа түрінде) алған және Академиялық мәселелер жөніндегі вице-провост бекіткен жағдайда, ECTS кредиттерінің жалпы саны 36-дан астам пәндерге тіркелуге рұқсат берілуі мүмкін.

8. Тіркеу мерзімі. Студенттер пәндерді қосу үшін соңғы күнге дейін пәндерге тіркелулері тиіс немесе олар Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген рәсімдер мен стандарттарға сәйкес оқудан шығарылады.

9. Регистратор офисінде (бұдан әрі – Офис), Деканның офисінде және Мектептің оқытушыларында тіркелудің барлық үдерісі мен семестр бойы тіркеудің онлайн-тізіміне кіру рұқсаты болады. MyRegistrar жүйесінде тіркелген студенттердің тізімі негізгі болып табылады және Moodle (Оқытуды басқару жүйесі, ОБЖ) қоса алғанда, басқа дереккөздерге қарағанда басымдыққа ие болады.

10. Пәндерді қосу және алып тастау. Студенттер белгіленген мерзімдердің шеңберінде пәндерді қосуға және алып тастауға құқылы. Бұл мерзімдер Академиялық күнтізбеде жарияланады. Пәнді рұқсат етілген кезеңнің ішінде алып тастаған жағдайда, бұл пән студенттің транскриптінде көрсетілмейді.



11. Пәннен бас тарту. Студент Академиялық күнтізбеде көрсетілген бас тарту мерзімі аяқталғанға дейін пәннен бас тарта алады. Студент пәннен бас тартқан жағдайда, транскриптке «W» деген баға қойылады. «W» деген баға орташа академиялық балға (бұдан әрі – GPA) немесе жалпы орташа академиялық балға (бұдан әрі – CGPA) әсер етпейді.

12. Күту тізімі. Пәнде бос орындар болмаған жағдайда студент күту тізіміне енгізіледі. Күту тізімі студенттерді кезекке енгізеді. Пәнде бос орын пайда болған кезде кезекте бірінші тұрған студент автоматты түрде пәнге тіркеледі және электрондық пошта арқылы тиісті хабарлама алады. Күту тізімдерінің кезеңі аяқталғаннан кейін студенттерге пәнді қосуға болатын кезең аяқталғанға дейін басқа пәндерге тіркелу мүмкіндігі беріледі.

4. Сабаққа қатысу

13. Студенттер Университетте өздері тіркелген пәндердің барлық сабақтарына қатысулары тиіс.

14. Сабаққа қатысу силлабуста немесе Анықтамалықта көрсетілгеннен төмен түскен жағдайда, студенттерге Университеттің тиісті ішкі құжаттарына сәйкес жазалау шаралары қолданылады. Студенттер сабақтарға семестрдің басынан бастап және ол аяқталғанға дейін (қорытынды емтихандарды қоса алғанда) қатысулары тиіс.

15. Сабаққа бірінші күннен бастап қатыспайтын студенттерге жазалау шаралары қолданылуы мүмкін немесе олар Анықтамалыққа сәйкес пәннен шеттетілуі мүмкін.

16. Анықтамалықта белгіленгендей, ағымдағы немесе алдыңғы семестрде сабақтардың рұқсат етілген санын асырып қатыспаған студенттердің Университет қаржыландыратын шетелдегі оқу бағдарламаларына және іс-шараларға қатысуға құқығы жоқ.

17. Академиялық кезеңнің басында әрбір оқытушы студенттерді пәннің құжаттарындағы сабаққа қатысу саясатымен, оның оқу мүмкіндіктеріне және ықтимал бағаға тигізетін әсерімен таныстыруы керек. Сабаққа қатысу саясатының талаптары бұзылған жағдайда, оқытушы бағаны төмендетуі немесе пәннен оқудан шығаруға бастамашылық жасауы мүмкін.

18. Тек оқытушы ғана студенттің сабаққа қатыспау туралы өтінішін қанағаттандыра алады. Дау туындаған жағдайда мәселе вице-деканның қарауына берілуі мүмкін. Мектептің вице-деканының шешімі түпкілікті болып табылады.

5. Мамандықты және мамандандыруды бекіту

19. Мамандықты және мамандануды бекіту ережелері мен нысандары. Студенттің мамандығы мен мамандануын бекітуді реттейтін ережелерді әрбір Мектеп әзірлейді және Анықтамалықта көрсетеді.

Мамандық пен мамандануды бекіту нысандары Офистің сайтында қолжетімді. Студенттің мамандығы мен мамандануы студент оқитын Мектептің жауапты қызметкерлерімен толтырылған және қол қойылған нысандар Офиске



берілгеннен кейін өңделеді. Мамандық пен мамандануды анықтау келесі семестрге тіркелгенге дейін күшіне енеді.

Мамандандыру студенттің төртінші оқу жылының бірінші семестрінің соңында анықталады. Мамандандыру пәнге тіркелу үшін артықшылық беруді көздемейді.

6. Қос мамандықты бекіту

20. Қос мамандық. Оқу бағдарламасы әр мамандық бойынша бағдарламаны табысты аяқтау үшін қажетті пәндерді, сондай-ақ оқуды аяқтау және дәреже алу үшін қажетті басқа да пәндерді қамтиды.

Егер екі мамандықтың арасында бакалавр дәрежесін алу үшін қажетті кредиттердің жалпы санында айырмашылық болған жағдайда, кредиттердің көп санының болуы бойынша талап қолданылады. Әрбір Мектеп Анықтамалықта көрсетілуі тиісті қос мамандықты бекіту туралы ережелерді реттейтін қағидаларды қабылдайды.

21. Қос мамандықты бекіту мерзімі. Студент бастапқыда тек бір мамандықты ғана таңдап алуы тиіс, бұл ретте студент екінші мамандықты Анықтамалықта белгіленген тәртіпке сәйкес кейінірек таңдай алады.

22. Қос мамандықты бекіту қағидалары мен нысандары. Қос мамандықты бекіту нысандары Офистің сайтында қолжетімді болады. Әрбір бағдарлама бойынша кредит-сағаттар талаптарына оқу жүктемесінің сәйкестігін көрсететін ілеспе құжаттама мен оқу жоспары нысандармен бірге берілуі тиіс. Студенттің қос мамандығы студент оқып жүрген Мектептің жауапты қызметкерлері барлық қосымшалары мен барлық қажетті қолдары бар толтырылған нысанды Офиске тапсырғаннан кейін өңделеді және тіркеледі.

Қос мамандық пәндерге тіркелу үшін артықшылық беруді көздемейді. Студенттің транскриптіңде тек негізгі мамандықтың Мектебі көрсетіледі.

23. Мектеп қос мамандықпен дәреже алу үшін белгіленген талаптардың орындалуын растайды.

7. Ішкі ауысулар

24. Бір Мектептің шеңберінде Университеттің мамандықтары арасында ауысулар. Университетке оқуға түсу кезінде, мамандық таңдау студенттің қызығушылықтары мен зияткерлік қабілеттеріне сәйкес келмеген жағдайда, соңғысы өзінің оқу бағытын ауыстыруға құқылы.

Университет бакалавриат мамандықтары арасында ішкі ауысуларды жүзеге асыру мүмкіндігін бере отырып, осы шешімдерді қолдайды.

Басқа мамандыққа ауысу үшін студент қабылдаушы кафедраның талаптарын қанағаттандыруы тиіс. Қабылдаушы кафедраның шешімі Офиске қабылдаушы Мектептің Деканы толтырған және қол қойған Ауысу нысаны түрінде жіберіледі.

25. Университет Мектептерінің арасындағы ауысулар. Мектептердің арасында ауысуды жүзеге асырғысы келетін студенттер ақпарат алу үшін



Академиялық эдвайзинг бөлімшесіне (бұдан әрі –АЭБ) хабарласулары тиіс. Егер студент тиісті Мектепте мамандық бойынша оқымаса, эдвайзерді тағайындау үшін АЭБ-ға сұраныс жіберуі қажет. Тағайындалған эдвайзер студентті жаңа Мектепке ауысқанға дейін сүйемелдейтін болады.

26. Мектептер арасындағы ауысу қорытынды бағалардың қойылуы мен келесі семестрдің басталуы арасында жүзеге асырылады.

8. Университеттен тыс алынған кредиттерді аудару

27. Назарбаев Университетінің Университет алдындағы дайындық бағдарламасы (бұдан әрі – НУУАДБ) бойынша оқу кезінде алынған кредиттер бакалавриат бағдарламаларына түскен кезде аударылуға жатпайды.

28. Нақты бағдарламаның басшылық қағидаттарына сәйкес басқа аккредиттелген жоғары оқу орнында (бұдан әрі – ЖОО) алынған кредиттер студенттің транскриптіне аударылуы мүмкін. Тіл пәндерін қоспағанда, оқыту тілі ағылшын тілі болуы тиіс.

1) Кредитті басқа университеттен аудару үшін Мектеп Офиске аударылатын кредиттерді бағалаудың толтырылған нысанын және алынған кредиттер мен бағалары көрсетілген ресми транскриптті ұсынады.

2) Егер басқа ЖОО-да аяқталған пәннің мәртебесі күмән туғызса, Вице-декан студент сол ЖОО-да сол пәннен кредиттерді аударуды қалайтын барлық болашақ жағдайларды реттейтін шешім шығаруы тиіс.

3) Кредиттерді аудару студенттің «С» деген бағадан (немесе баламалы мән) төмен баға алған пәндер үшін қарастырылмайды.

4) Барлық аударылатын кредиттер Университет студентінің транскриптіде белгіленетін болады.

29. Басқа жоғары оқу орындарында алынған бағалар студенттің транскриптіде «ТС» ретінде белгіленеді және Университетте студенттің CGPA немесе GPA есептеу кезінде есепке алынбайды.

30. Басқа оқу орындарында өткен және өтті/өтпеді түрінде бағаланатын пәндер әріптік түрде бағаланатын Университеттің пәндері үшін аударуға жатпайды.

Академиялық ұтқырлықтың бекітілген бағдарламалары негізінде кредиттер аударылған жағдайда ECTS-тің 36 кредитіне дейін есептелуі мүмкін. Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысқан студент үшін ерекшелік тиісті Мектеп Деканының рұқсатымен жасалуы мүмкін.

31. Кредиттерді аударуды Мектептің Вице-деканы бекітуі тиіс.

32. Университетте оқу кезінде басқа жоғары оқу орнында алынған кредиттер Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес өңделуі тиіс.

9. Қайтадан қабылдау

33. Егер студент бұрын Университетте бакалавриат бағдарламасында оқып, бакалавр дәрежесін алу үшін қайтып оралатын болса, Университетте



алдыңғы 5 (бес) академиялық жыл ішінде бакалавриат кезінде өткен барлық пәндер транскриптіте көрсетіледі және студенттік CGPA есебіне енгізіледі.

10. Бағалау жүйесі

34. Әріптік түрде бағаланатын Университет бакалавриатының барлық бағдарламалары үшін 1-кестедегі бағалаудың келесі жалпы шкаласы қолданылады:

| 1-кесте. Әріптік бағалау жүйесі | | | |
|--|---------|--------|---|
| Әріптік белгілеу | % | Балдар | Түсіндірме |
| A | 95-100 | 4 | Үздік, жалпы тапсырманың немесе пәннің ең жоғары нормативтерінен асып түседі |
| A- | 90-94,9 | 3,67 | Үздік, тапсырманың немесе пәннің ең жоғары нормативтеріне жауап береді |
| B+ | 85-89,9 | 3,33 | Өте жақсы, тапсырманың немесе пәннің жоғары нормативтеріне жауап береді |
| B | 80-84,9 | 3,00 | Жақсы, тапсырманың немесе пәннің нормативтерінің көбісіне жауап береді |
| B- | 75-79,9 | 2,67 | Қанағаттанарлықтан жоғары, материалды ойдағыдай меңгергенін байқатады |
| C+ | 70-74,9 | 2,33 | Қанағаттанарлық, тапсырманың немесе пәннің негізгі нормативтеріне жауап береді |
| C | 65-69,9 | 2,00 | Қанағаттанарлық, тапсырманың немесе пәннің кейбір базалық нормативтеріне жауап береді |
| C- | 60-65,9 | 1,67 | Қанағаттанарлық, кейбір аспектілердің негізгі нормативтеріне жауап бермейді |
| D+ | 55-59,9 | 1,33 | Ең төменгі деңгей, негізгі нормативтердің көбісіне жауап бермейді |
| D | 50-54,9 | 1,00 | Ең төменгі деңгей, өтудің ең төменгі балы |
| F | 0-49,9 | 0 | Қанағаттанарлықсыз, өте нашар үлгерім |

35. «Р» (өтті) немесе «F» (өтпеді) деген баға осындай бағалау жүйесі бар пәндер бойынша оқитын студенттер үшін көрсетілетін болады.



«Р» деген баға студенттің GPA және CGPA есептеу кезінде пайдаланылмайды; «F» деген баға GPA және CGPA есептеу кезінде «0» балды құрайды. «Р» деген баға «С» немесе одан жоғары бағаға баламалы.

11. Әкімшілік бағалар

36. Университеттің барлық бағдарламаларының транскрипттерінде арнайы әкімшілік бағалар мен белгілер пайдаланылады. 2-кестедегі әкімшілік белгілер GPA және CGPA есебіне әсер етпейді:

| 2-кесте Әкімшілік бағалар | | |
|----------------------------------|-------------------|---------------|
| Баға | Түсіндірме | Балл |
| AU | Тыңдалды | қолданылмайды |
| AW | Әкімшілік шеттету | қолданылмайды |
| I | Аяқталмады | қолданылмайды |
| IP | Орындау барысында | қолданылмайды |
| TC | Кредитті аудару | қолданылмайды |
| W | Бас тарту | қолданылмайды |

37. Тыңдалды (AU). Тыңдау опциясы студенттерге білімді және/немесе зерттеулерді жетілдіру үшін пәнге тіркелу мүмкіндігін береді. Тыңдалған пәндер транскрипте «AU» ретінде көрсетіледі; олар үшін әріптік бағалар мен балдар берілмейді. Студент тыңдаушы ретінде пассивті білім алушы болып саналады және сыныпта тапсырмаларға жауап бере алмайды немесе емтихандарды тапсыра алмайды. Студенттен тұрақты түрде сабаққа қатысу талап етіледі. Тыңдалған пәндер үшін кредиттер оқу төлемін және кредиттер бойынша жоғары жүктемені есептеу кезінде есепке алынады. Студент келесі талаптарды орындадаған жағдайда пәндерді тыңдауға тіркеле алады:

1) пәнді тыңдауға рұқсат берілді (лабораториялық немесе функционалдық дағдылары бар пәндерді тыңдауға рұқсат берілмейді);

2) пәнде бос орындар бар;

3) студенттің тиісті академиялық дайындығы бар;

4) студенттің пәннен өту үшін негізделген себебі бар; және

5) оқытушыдан рұқсат алынды.

38. Әкімшілік шеттету (AW). Бұл баға студенттің пәннен мынадай негізде:

1) Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіп пен стандарттарға сәйкес тәртіптік себептерге;

2) сабақтарға қатыспауына; немесе

3) Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіп пен стандарттарға тиісті жағдайларда оқу құнының төлемеуіне байланысты шеттетілгендігін білдіреді.



39. Аяқталмады (I). Егер студент пән талаптарының едәуір бөлігін орындаған болса, бірақ дәлелді себептердің салдарынан барлық талаптарды орындай алмаса, пән оқытушысы «I» деген уақытша бағаны қоя алады.

1) «I» деген баға студент пен оқытушының арасында ғана жасалатын және тиісті Мектептің Деканы бекітетін алдын ала жазбаша келісімнің негізінде қойылуы мүмкін, осы келісімде қосымша жұмыс және оны орындау талаптары сипатталады. Жұмыстың аяқталу күнін пән оқытушысы анықтайды.

2) Барлық жұмыстар келесі семестрдің үшінші аптасынан кешіктірмей орындалуы тиіс. Жұмыстарды орындағаннан немесе емтиханнан өткеннен кейін «I» деген баға туралы уағдаластық шеңберінде пәннің оқытушысы «I» деген бағаны пәнге қойылған сәйкес бағаға өзгертуді сұрауы тиіс, содан кейін «I» деген баға студенттің транскриптінен алынып тасталады;

3) «I» деген баға денсаулық жағдайы бойынша, сондай-ақ жақын туыстарының денсаулық жағдайы бойынша қорытынды емтиханға қатыса алмайтын студентке де қойылуы мүмкін. Қорытынды емтиханды тапсыру үшін жаңа мерзім белгіленеді.

4) «I» деген баға үшін 0 (нөл) кредит және балл есептеледі, ол GPA-ді есептеу кезінде есепке алынбайды.

5) Келесі семестрдің үшінші аптасының соңына қарай аяқталмаған «I» деген баға пән нұсқаушысы мен студенттің арасындағы келісімде көрсетілген бағаға автоматты түрде ауыстырылады. Егер келісімде баға көрсетілмесе және нұсқаушы бағаны өзгертуге өтінім бермесе, «I» деген баға «F» деген бағаға өзгертіледі.

6) «I» деген бағасы болған кезде студентке ешбір жағдайда дәреже берілмейді.

40. «Орындау барысында» (IP). «IP» деген баға бірнеше семестрге немесе кезеңге бөлінетін пәндер үшін, әдетте бұл зерттеу жобалары немесе ғылыми жұмыстар үшін аралық баға ретінде қойылады.

1) «IP» деген баға семестр үшін GPA немесе CGPA есебіне қосылмайды.

2) Қорытынды әріптік баға немесе өтті/өтпеді пәннің талаптары орындалатын семестрде қойылады және кредиттер есептеледі.

3) «IP» деген баға бір семестрге созылатын оқытудың стандартты ұзақтығы бар пәндер үшін қолданылмайды.

4) «I» деген баға «IP» деген бағаны алу құқығы бар пәндер үшін пайдаланылмайды.

41. Бас тарту (W). «W» деген баға студенттің пәннен өтуден бас тартқанын және пәннің талаптарын орындамағанын білдіреді.

1) «W» деген баға автоматты түрде қойылады; пән оқытушысы қандай да бір өзге бағаны қоя алмайды.

2) «W» деген баға студенттің CGPA есебіне қосылмайды және дәреже алу үшін талаптарды орындауға есептелмейді.



12. Деканның тізімі

42. GPA 3,75 немесе одан жоғары студенттер Деканның тізіміне енгізіледі. Бұл жетістік тиісті семестрдің соңында студенттің транскриптіінде көрсетілетін болады.

13. Семестр ішіндегі есептер мен алдын ала қойылатын баға

43. Семестр ішіндегі есептер мен басқа да алдын ала бағалар тұрақты болып табылмайды және оларды өзгерту көзделмеген.

Пәндердің барлық оқытушылары қосымша академиялық қолдау қажет болуы мүмкін студенттерге көмек көрсету және анықтау үшін Университетке жәрдемдесу мақсатында семестр ішіндегі есептерді ұсынулары тиіс.

44. Семестр ішіндегі бағалау мынадай жүйеге негізделген:

1) Қанағаттанарлық (S): Сабақтарға қатысуы жақсы, кем дегенде «С» немесе одан жоғары бағасы бар студент.

2) Қанағаттанарлықсыз (NS): Сабақтарға қатысуы нашар, «С-» немесе одан төмен бағасы бар және пәнді табысты аяқтауға кедергі келтіретін мәселелері бар студент.

14. Бағаларды қою

45. Қорытынды бағалар әрбір студентке тіркелген әрбір пән үшін белгіленген бағалау кезеңінің соңында қойылады.

46. Пән оқытушылары қорытынды бағаларды Академиялық күнтізбеде көрсетілген күні түнгі он екіден кешіктірмей қоюлары тиіс. Оқытушы-профессорлар құрамы бағаларды тікелей MyRegistrar жүйесінде қоюлары тиіс.

Офис студенттерге Академиялық күнтізбеде көрсетілген күні барлық қорытынды бағаларға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

15. GPA және CGPA есептеу

47. Балдар кредиттер санын әрбір пән бойынша бағаның балдық мәніне көбейту жолымен есептеледі.

48. Бір академиялық кезең үшін GPA жалпы балл сомасын Университетте өткен пәндер үшін бағаланатын кредиттер сомасына бөлу жолымен есептеледі.

CGPA барлық оқу кезінде Университетте өткен пәндер үшін бағаланатын кредиттердің сомасына жалпы балл сомасын бөлу жолымен есептеледі. GPA және CGPA есептеу кезінде дәрежені алу үшін есептелінетін кредиттер емес, бағаланып алынған кредиттердің сомасы пайдаланылады.

16. Жоғары академиялық үлгерім, академиялық ескерту, академиялық сынақ мерзімі



49. Университетте бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуды жалғастыру үшін студент күзгі және көктемгі семестр аяқталғаннан кейін қанағаттанарлық академиялық үлгерімге қол жеткізуі тиіс.

50. 2,00-ге тең немесе одан жоғары GPA және CGPA бар студент жоғары академиялық үлгерімі бар студент болып саналады.

Үш немесе одан да көп NS бағалары бар студенттер семестрдің соңында академиялық сынақ мерзімін тағайындау мүмкіндігін болжайтын академиялық ескерту алады.

Академиялық ескерту туралы хабарламаны Офис студентке, вице-деканға және студенттің эдвайзеріне жібереді. Студентке осы кезең ішінде өзінің қоғамдық белсенділігін шектеу ұсынылады және оның кандидатурасы Университетпен қаржыландырылатын сапарларға қатысу үшін қарастырылмайтын болады.

51. Күзгі және көктемгі семестр аяқталғаннан кейін жоғары академиялық үлгерімнің талаптарын қанағаттандырмайтын студентке академиялық сынақ мерзімі тағайындалады.

Сынақ мерзімінің бір семестрінің соңында студенттер жоғарыда көрсетілген жоғары үлгерімге қол жеткізу бойынша міндетті талаптарды орындамаған жағдайда, студенттер Университеттен оқудан шығарылуға жатады.

Ерекше жағдайларда тиісті Мектептің Деканы үлгерімнің, жалпы академиялық үлгерімнің жақсарғанын, студенттің қанағаттанарлық үлгерімге қол жеткізуі мен кейіннен оқуды аяқтауын көрсететін факторлар болған жағдайда сынақ мерзімін қосымша семестрге ұзартуды ұсына алады.

Бұл ұсыныс Академиялық мәселелер жөніндегі вице-провостқа ұзарту үшін негіздерді көрсете отырып берілуі тиіс. Академиялық сынақ мерзімін ұзарту туралы түпкілікті қарарды Академиялық мәселелер жөніндегі вице-провост шығарады.

52. Шартты түрде қабылданған студенттер бірінші семестрдің оқу қорытындысы бойынша GPA 2.0 немесе одан да көп жинаулары тиіс. Егер шартты түрде қабылданған студенттер бірінші семестрдің қорытындысы бойынша GPA 2.0 және одан да көп жинамаса, бірінші семестр «1-ші сынақ мерзімі» ретінде автоматты түрде саналады, ал екінші семестр «2-ші сынақ мерзімі» болып саналады.

Егер шартты түрде қабылданған студенттер бірінші оқу жылының қорытындысы бойынша GPA 2.0 және одан да көп жинамаса, олар оқудан шығарылады.

53. Академиялық сынақ мерзімінен кейінгі семестрлерді шектеу. Студентке қатарынан екі семестрден артық немесе тұтас алғанда үш семестрден астам уақыт бойы сынақ мерзімінде болуға тыйым салынады.

54. Қорытынды семестрді қоспағанда, жазғы кезең аяқталғаннан кейін алынған бағалар студенттің академиялық үлгерімінің мәртебесіне әсер етпейді.

55. Сынақ мерзімі туралы есеп. Офис әрбір семестрдің соңында тиісті Мектептің Деканына сынақ мерзіміндегі студенттер туралы есепті ұсынады.



Студенттер өздерінің академиялық үлгеріміндегі қандай да бір өзгерістер туралы Офистен хабарлама алады.

17. Бағаны өзгерту

56. Семестрдің соңында оқытушының студентке қойған бағасы осы пән үшін қойылған қорытынды баға болып табылады. Қорытынды бағалар («І» және «ІР» деген бағалардан басқасы) түпкілікті және тұрақты болып табылады.

1) Бағалар келесі семестрдің бірінші күнінен немесе апелляция туралы түпкілікті шешім қабылданғаннан кейін өзгертілмейді.

2) Дәреже берілгеннен кейін бағалар өзгертілмейді.

57. Қорытынды бағаны өзгерту тәртібі:

1) Егер студенттің бағасы техникалық немесе процедуралық қатенің немесе бағаны дұрыс есептемеудің салдарынан дұрыс қойылмаса, пән оқытушысы Офистің сайтында қолжетімді Бағаны өзгерту нысанын толтыруы тиіс.

2) Бағаны өзгерту нысанына пән оқытушысы және тиісті Мектептің вице-деканы қол қоюлары тиіс.

3) Вице-декан Университеттің саясатына сәйкестігін тексеру үшін өзгертуге сұрау салуды қарастырады.

4) Бекітілген нысанды Мектеп Офиске (студенттерден нысан қабылданбайды) бекіту мен қарау және студенттің жеке ісіне енгізу үшін ұсынады.

5) Сұрау салуды Регистратор қарастырады. Қандай да бір сұрақтар туындаған жағдайда олар пән оқытушысына немесе тиісті Мектептің вице-деканына немесе Академиялық мәселелер жөніндегі вице-провостқа жіберіледі.

6) Бағаны өзгерту келісілген соң жаңа баға студенттің академиялық транскриптіне енгізіледі және GPA автоматты түрде жаңартылады.

18. Бағаларға шағымдану

58. Бағаларға шағымдану. Барлық студенттер өздерінің пікірінше оларға қате қойылған кез келген бағаға шағымдануға құқылы. Бұл ретте келесі сипаттағы қателер қарастырылады:

1) есептеу кезінде жіберілген қате;

2) пәннің силлабусында көрсетілген пәнді бағалау саясатын қолданудағы қателік;

3) деректер қорына бағаларды дұрыс енгізбеу;

4) тапсырма үшін бағаны толық қоймау.

59. Емтихан бағасына шағымдану.

1) Студент бірінші кезекте даулы бағаны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде пән оқытушысымен кеңесуі тиіс.

2) Пән оқытушысы 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымға жауап беруге және бағаны өзгерту нысанын беруге немесе шағымды қабылдамауға тиіс.



3) Егер студент қайтадан бағамен келіспесе, ол пән оқытушысынан бас тартуды алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде тиісті Мектеп Деканының немесе вице-деканының атына бағаға шағым беруге құқылы.

4) Декан немесе вице-декан қандай да бір шешім шығарар алдында оқытушымен кеңесуі тиіс. Деканның немесе вице-деканның шешімі түпкілікті болып табылады.

60. Пән бойынша қорытынды бағаға шағымдану.

1) Студент бірінші кезекте MyRegistrar жүйесінде баға қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде пән оқытушысымен кеңесуі тиіс. Пән бойынша қорытынды бағаға шағымдану уақытын есептеу күні академиялық күнтізбеде көрсетілгендей, студенттердге бағалардың ашылу күні болып табылады.

2) Пән оқытушысы студентке 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап беруі тиіс. Бұл мерзімді вице-декан студенттің қорытынды бағасын алғаннан кейінгі кезеңде пән оқытушысы болмаған жағдайда ұзартуы мүмкін.

3) Егер студент бұрынғысынша бағаны дұрыс емес деп есептесе, немесе пән оқытушысы 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап бермеген болса, ол кейінгі 3 (үш) күнтізбелік күннің ішінде тиісті Мектеп Деканының немесе вице-деканының атына бағаға шағым беруге құқылы.

4) Декан немесе вице-декан қандай да бір шешім шығарар алдында оқытушымен кеңесуі тиіс. Егер Декан немесе вице-декан апелляцияны қанағаттандыру туралы шешім қабылдаса, ол Офис ұсынған нысандарды пайдалана отырып, жаңа баға туралы Офисті хабардар етуі тиіс.

5) Деканның немесе вице-деканның шешімі түпкілікті болып табылады.

19. Пәндерді қайтадан өту

61. Оқуды одан әрі жалғастыру үшін талаптарды қанағаттандырмайтын баға алған студент пәнді қайта өтуге жазылуға құқылы.

62. Пәнді қайта өтулердің саны, сол сияқты қайта өтілуі мүмкін пәндер саны шектелмейді. Барлық әрекеттер студенттің транскриптіңде көрсетіледі және семестрлік GPA, семестрлік CGPA, семестрде жиналған кредиттердің, студент тіркелген семестрлік кредиттердің және студент тіркелген кредиттердің жалпы санын есептеу кезінде ескеріледі. Тек соңғы қайта өткен пән соңғы CGPA және жиналған кредиттердің жалпы санын есептеу кезінде есептеледі.

20. Академиялық прогресс

63. Дәреже алу үшін қанағаттанарлық прогресс. Университеттің студенттері дәреже алу үшін талаптарды бағдарламаның бекітілген кезеңі ішінде орындаулары тиіс.

Студенттер дәрежені алу үшін орташа есеппен ECTS-тің 30 кредитін жинаулары тиіс. Осы талап бойынша ECTS-тің 30 және одан астам кредитімен артта қалған барлық студенттер Университеттен шығарылуы тиіс.



64. Офис оқуды аяқтау үшін қанағаттанарлық академиялық прогресстен ECTS-тің 30 немесе одан астам кредитімен артта қалған студенттердің тізімін тиісті Мектептің деканына береді.

21. Оқытудың қосымша жылы

65. Егер студенттер соңғы оқу жылының соңғы семестрінің соңына қарай оқу бітіруге қойылатын талаптарға сәйкес болмаса, олар оқытудың бесінші курсына қаралуы мүмкін және қосымша оқу жылы ішінде оқуды аяқтау мүмкіндігіне ие болса.

66. Мектептер бесінші курстың әлеуетті студенттерін анықтайды.

1) Әрбір Мектептің вице-деканы бесінші курс студенттерінің түпкілікті тізімін бекітеді, оны Directum электрондық құжат айналымы жүйесі (ЭҚЖ) арқылы Офиске ұсынады. Тізім студенттердің бесінші курс ішінде тіркелуге тиіс нақты пәндер көрсетілген жеке оқу жоспарларын қамтуы тиіс. Студенттердің тізіміне немесе пәндерге кез келген өзгерістер ЭҚЖ арқылы жіберілулері тиіс.

2) Офис студенттерді Офиске келу және ресми келісімін растайтын нысанға қол қою талабымен бесінші курсқа рұқсат беру туралы хабардар етеді.

3) Келісім нысанына қол қойылғаннан кейін студент тізімде көрсетілген нақты пәндер бойынша оқудың бесінші курсына қабылданады.

4) Студентті қабылдау кезінде Офис қызметтік жазбахат пен келісім нысанының көшірмесін Бурсарс офисіне жіберуі тиіс.

5) Бурсарс офисі студенттерге жіберу үшін төлем шоты мен шартты дайындайды. Бурсарс офисі шартты тіркеу және ресімдеу үшін жауапты болады.

6) Шартты ресімдегеннен кейін Бурсарс офисі шарттың көшірмесін Офиске жібереді.

Бесінші курстың студентіне кестеге өзгерістер енгізуге, пәндерден бас тартуға немесе қосуға немесе осы кестеден бас тартуға рұқсат етілмейді.

7) Мектеп бесінші курстың әрбір студентіне өзінің эдвайзерімен тұрақты кездесулерді қамтамасыз етеді.

67. Студентке бесінші курста оқу кезінде кампуста орынның болуына байланысты баспана берілуі мүмкін.

68. Егер бесінші курстың студенттері кампуста тұруды таңдаса, олардан тұру үшін төлем алынады.

69. Жеңілдік алған немесе оқудың бесінші жылы үшін төлемнен босатылған студенттер әлеуметтік пакетке, оның ішінде медициналық сақтандыруға, медициналық және консультациялық қызметтерге шектеулі қолжетімділікке ие болады.

70. Мектепті бітіруге қойылатын барлық академиялық талаптар бесінші жылдың күзгі және көктемгі семестрлерінде орындалуы тиіс. Ерекше жағдайларда (медициналық жағдайлардың кесіренен кредит жетіспеушілігі, форс-мажор, қаржы жағдайы, отбасы жағдайларына байланысты) студент алтыншы курста оқуына байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ оқу



құнын дербес төлейтін жағдайда, Деканның, Провосттың және Президенттің келісімімен алтыншы курста оқу мүмкіндігі қаралады.

Бесінші курста студенттерді оқытуға қатысты барлық ережелер мен рәсімдер тиісті түрде алтыншы курстың студенттеріне де қолданылады.

22. Емтихандар

71. Семестр ішіндегі емтихандар саясаты. Оқудан тыс уақытта, жұма күні сағат 16:30-дан кейін немесе сенбі немесе жексенбі күндері кез келген уақытта тағайындалған емтихандар тиісті Мектептің Деканымен келісілуі тиіс.

Оқудан тыс уақытта емтихан жүргізетін пән оқытушысы:

1) емтихан күніне дейін кемінде екі апта бұрын емтихан күні мен уақытын хабарлауға; сондай-ақ

2) ұсынылған емтихан уақыты кезінде оқу жүктемесі бар студенттерге емтиханның балама уақытын беру бойынша барлық ықтимал жағдайларды қарастыруы тиіс.

72. Қорытынды емтихан бойынша келіспеушіліктер. Студенттер бір күнтізбелік күннің ішінде екі қорытынды емтихан тапсырмаулары тиіс. Қорытынды емтихандардың кестесінде келіспеушіліктері бар студенттер пән оқытушыларына қорытынды емтихандардың кестесі туралы ақпаратты орналастырған кезде хабарласулары тиіс.

Пән оқытушылары мүмкіндігінше кестедегі келіспеушіліктер бойынша мәселелерді шешеді. Егер студент кесте бойынша бір тәулік ішінде екі қорытынды емтихан тапсыруға тиіс болса, ал пән оқытушысы даулы мәселені шешуден бас тартқан жағдайда, студент пән оқытушысы жұмыс істейтін Мектептің Деканына шағымдануға құқылы.

73. Қорытынды емтихандардың кестесі. Барлық жоспарланған қорытынды емтихандар немесе оларға балама қорытынды тапсырмалар семестрдің соңында Университеттің ресми емтихан сессиясы кезінде өткізіледі.

Қорытынды жазбаша жұмыстар немесе қорытынды емтиханның орнына тағайындалған басқа тапсырмалар Университеттің емтихан сессиясы кезеңінде орындалады. Қорытынды емтихандардың немесе баламалы бағаланатын тапсырмалардың кестесін, қорытынды жазбаша жұмыстарды немесе баламалы бағаланатын жұмыстарды тапсыру кестесін айқындайтын қосымша қағидаларды әрбір Мектеп дербес белгілейді.

Студенттер емтиханға уақытында келулері тиіс.

Емтиханға кешігіп келген немесе емтиханнан ерте кеткен студенттерге рұқсат беруді реттейтін ережелер Анықтамалықта көрсетілуі тиіс.

Емтиханды өткізуге қатысты барлық ережелер емтихан өткізілгенге дейін студенттерге түсіндірілуі тиіс.

74. Емтихан жұмыстарының нәтижелерін қарау. Әрбір студентке оқытушының немесе жауапты қызметкердің қатысуымен өзінің түзетілген, бағаланған жұмысын қарауға рұқсат етіледі.



Анықтамалық емтихан жұмыстарын қайта қарау үшін емтихандар мен кездесулерге рұқсат беруді реттейтін, әрбір Мектеп үшін жеке әзірленген ережелерді қамтиды.

Студентке қайтарылмаған емтихан жұмысы қайта қарау мүмкіндігі үшін кемінде он екі ай бойы қорғалған жерде сақталады.

75. Емтихан өткізу тіл. Тілдік курстар бойынша емтиханды қоспағанда, барлық ауызша емтихандар ағылшын тілінде өткізілулері тиіс.

76. Дәлелсіз себептермен емтиханға қатыспау. Емтиханға дәлелсіз себептермен қатыспаған студенттерге емтихан үшін нөл деген баға қойылады.

Дәлелді себептермен қатыспау жағдайларын қоспағанда, бағалаудың басқа нысандарынан рұқсатсыз жалтарған немесе бағалауға өз жұмысын тапсырмаған студенттерге нөл деген баға қойылады. Егер студент денсаулық жағдайы бойынша немесе төтенше жағдайға байланысты емтиханға қатыса алмаса, ол қорытынды бағалар қойғанға дейін ең қысқа мерзімде пәннің оқытушысымен хабарласуы тиіс.

23. Студенттерге емтихан өткізу ережелері

77. Студент емтихан залына кірген кезде Университет студентінің қолданыстағы жеке куәландыру картасын ұсынуы және емтихан барысында емтихан үстеліне картасын қоюы тиіс.

78. Студенттер емтихан алушылар, супервайзерлер, кезекшілер немесе емтихан өткізуге жауапты басқа да тұлғалар ұсынған барлық талаптарды сақтаулары тиіс.

Келесі ережелер барлық емтихандарға қолданылады:

1) емтихан залында кезекшіден басқа адамдармен кез келген құралдардың көмегімен сөйлесуге немесе араласуға тыйым салынады;

2) студенттер, егер рұқсат етілмесе, ұялы телефондарды, пейджер немесе кез келген басқа электрондық құрылғыларды өздерімен бірге алып жүре алмайды және пайдалана алмайды;

3) студенттер емтихан үшін бөлінген уақыт аяқталғанға дейін жұмысты аяқтаулары тиіс. Бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін емтихандағы жұмысты жалғастыру академиялық бұзушылық ретінде бағаланады.

79. Басқа студенттерге жауап беру де, жауаптарды алу сияқты жазаланады. Сондай-ақ, Студенттердің тәртіп кодексiне және Университеттің тәртіптік рәсімдерiне сәйкес емтихан кезінде басқа студенттерге көмек көрсететін студенттерге қатысты тәртіптік шаралар қолданылады.

80. Әрбір Мектеп және оқу пәнінің оқытушысы емтиханда рұқсат етілген материалдарды пайдалануды реттейтін ережелерді әзірлейді және пайдаланады.

24. Семестр мен сессияны аяқтау кезеңінің саясаты туралы ереже

81. Семестр аяқталған кезең ішінде сабақ өткізуді реттейтін ережелер. Семестрдің аяқталу кезеңі – бұл студенттердің қорытынды емтихандарға дайындығы мақсатында сабақтардың соңғы аптасынан басталатын және



қорытынды емтихандардың соңына дейін жалғасатын, қоғамдық және оқудан тыс қызмет қысқартылған уақыт.

Семестрдің аяқталу кезеңі кезінде сабақтарды өткізуді реттеу келесі ережелерге сәйкес болуы тиіс:

1) Осы кезең ішінде оқытушыларға жоспардан тыс тапсырмалар беруге, сондай-ақ жіберілген материалды «жеделтете меңгеру» үшін қосымша сабақтар тағайындауға болмайды. Пән оқытушылары факультативтік шолу сабақтарын өткізе алады, сондай-ақ студенттерді қорытынды емтихандарға дайындау кезінде орынды болуы мүмкін қандай да бір басқа қызметті ұсына алады.

2) Сабақтардың соңғы аптасында бағаланатын үй тапсырмаларын, міндетті тексеру жұмыстарын немесе сынақтарды беруге болмайды, мыналарды қоспағанда:

бағаланатын үй тапсырмалары немесе тексеру жұмыстары стандартты оқыту процедурасы болып табылатын пәндер; немесе

емтихан кезінде зертханалық аспект қозғалмайтын зертханаларды пайдаланатын пәндер. Мұндай жағдайда зертханалық сабақтар сессияның алдындағы аптаның ішінде студенттерді пәннің зертханалық аспектісі бойынша тексеру үшін өткізілуі мүмкін.

3) Емтихандық үй тапсырмалары аудиторияда ресми тағайындалған емтихандардың орнына сессияның алдындағы аптада берілуі мүмкін.

4) Семестр аяқталу кезеңінде оқытушылар студенттерді іс-шараларға міндетті түрде қатысуға тартпауы тиіс (мысалы, оқудан тыс музыкалық, театр немесе спорттық іс-шаралар, сондай-ақ қандай да бір комитеттердің отырыстары).

82. Сессия кезінде сабақтар өткізу. Пән бойынша қорытынды емтиханның орнына жоспарланған іс-шараларды қоспағанда, сессия кезінде зертханалық және практикалық жұмыстарды қоса алғанда, пән шеңберінде басқа сабақтар өткізілмеуі тиіс.

Сессия кезінде шолу консультацияларын қоспағанда, пән бойынша қорытынды емтиханның өткізілуіне қарамастан ешқандай сабақтар өткізілмеуі тиіс.

25. Дәреже алу критерийлері

83. Студенттер төменде көрсетілген барлық талаптарды орындағаннан кейін Университеттегі оқуын бітіре алады.

1) Қорытынды семестр аяқталғаннан кейін студенттің GPA және CGPA кемінде 2,00 болуы тиіс.

2) Студенттердің ECTS кредитінің саны 240-тан кем емес немесе Анықтамалықта белгіленгендей болуы тиіс.

3) Студенттер Университет пен бағдарламаның барлық талаптарын табысты орындаулары тиіс.

4) Студенттердің транскрипттерінде «I» немесе «P» деген бағалар болмауы тиіс.



5) Студенттер, кез келген демалыс кезеңдерін қоса алғанда, әдетте, оқу басталған күннен бастап 7 (жеті) жыл ішінде дәреже алудың барлық талаптарын орындаулары тиіс.

26. Дәрежені жою

84. Академиялық бұзушылық анықталған жағдайда Университет берілген дәреженің күшін жою құқығын өзіне қалдырады.

85. Бұрынғы студенттің дәрежесі жойылған жағдайда бұл факт ресми түрде жарияланады.

27. Қорытынды ережелер

86. Осы Қағидаларда қаралмаған мәселелер Университеттің ішкі саясаты мен ережелеріне, сондай-ақ Анықтамалыққа сәйкес реттеледі.

